

**«Қырғыз Республикасына ізгілік көмек көрсету туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2011 жылғы 10 мамырдағы № 491 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 937 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қырғыз Республикасына ізгілік көмек көрсету туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2011 жылғы 10 мамырдағы № 491 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне «Азық-түлік
келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 500 (бес жүз
) тонна көлемінде жүгері тұқымын сатып алуға және оны Бішкек станциясына дейін
тасымалдау және жеткізу бойынша шығындарын өтеуге 2011 жылға арналған
республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше
резервінен 152985654 (бір жүз елу екі миллион тоғыз жүз сексен бес мың алты жүз елу
төрт) теңге мөлшерінде ақшалай қаражат бөлінсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов